


20 85 (5 қыз - 46 қыз)

13 - 17



БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ҚАРАТӨБЕ АУДАНЫ



КАРАТӨБИНСКИЙ РАЙОН
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХ
ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ

ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ
ЦЕНТР ИСТОРИИ И АРХЕОЛОГИИ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИФАТ МҰРАЛАРЫ
ЕСКЕРТКІШТЕРІ

ҚАРАТӨБЕ АУДАНЫ



ПАМЯТНИКИ ПРИРОДНОГО
И ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

КАРАТОБИНСКИЙ РАЙОН

427527



Орал, 2006

ББК 79.0
Б 27

Жалпы редакциясын басқарған / *Под общей редакцией*
тарих ғылымының докторы, профессор
М.Н.Сдыков

Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері / Памятники природного и историко-культурного наследия Западно-Казахстанской области. – 14 т. -
- Орал қ. 2006 ж.- Т 3. Қаратөбе ауданы / Каратобинский район – 288 бет.

Б 27
ISBN 9965-25-592-X

Авторлық ұжым / Авторский коллектив:

М.Н.Сдыков
А.А.Бисембаев
С.Ю.Гуцалов
Р.А. Бекназаров
Ж.Т.Ерназаров
А.А.Джубанов
С.К.Рамазанов
Р.С.Мерғалиев
Т.Т. Жусупқалиев
Д.В.Марыксин
Г.З.Аманғалиев

П 4403000000
00(05)-06

ISBN 9965-25-592-X

© Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы

ЕСКЕРТКІШТЕР ЖИЫНТЫҒЫ СВОД ПАМЯТНИКОВ

14 томды ғылыми басылым / Научное издание в 14 томах



Шыңғырлау ауданы	I	Чингирлауский район
Сырым ауданы	II	Сырымский район
ҚАРАТӨБЕ АУДАНЫ	III	КАРАТОБИНСКИЙ РАЙОН
Бөрлі ауданы	IV	Бурлинский район
Тасқала ауданы	V	Таскалинский район
Теректі ауданы	VI	Теректинский район
Ақжайық ауданы	VII	Акжаикский район
Жаңақала ауданы	VIII	Джангалинский район
Казталовка ауданы	IX	Казталовский район
Жәнібек ауданы	X	Джаныбекский район
Бөкейорда ауданы	XI	Букейординский район
Зеленов ауданы	XII	Зеленовский район
Орал қаласы	XIII	г. Уральск
Батыс-Қазақстан облысы	XIV	Западно-Казахстанская обл.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	6
I бөлім. Табиғат мұрасы	11
1.1. Табиғаты	12
1.2. Ландшафты әртүрлілігі	44
1.3. Табиғат мұрасының ескерткіштері	50
1.4. Рекреационды табиғат ресурстары	56
II бөлім. Тарихи-мәдени мұрасы	61
2.1. Археология ескерткіштеріне сипаттама	62
2.2. Археологиялық ескерткіштер	70
2.3. Мола үсті құрылыстары	97
2.4. Қазіргі кезеңдегі тарих және мәдениет ескерткіштері	126

Қосымшалар

- Табиғат мұралары ескерткіштері
- Археологиялық ескерткіштер мен жәдігерлер
- Құлпытастар және мола үсті кешендері
- Тарихи – сәулет ескерткіштері және монументті нысандар

СОДЕРЖАНИЕ

Введение 8

Глава I. Природное наследие 132

1.1. Природная среда 134

1.2. Ландшафтное разнообразие 166

1.3. Памятники природного наследия 171

1.4. Рекреационные природные ресурсы 178

Глава II. Историко-культурное наследие 183

2.1. Характеристика памятников археологии 184

2.2. Археологические памятники 192

2.3. Надмогильные сооружения 220

2.4. Современные памятники
истории и культуры 251

Приложения

- Памятники природного наследия
- Археологические памятники и находки
- Кулпытасы и надмогильные комплексы
- Историко-архитектурные
и монументальные памятники

Кіріспе

Мәдени мұраларды сақтау мен зерттеу Қазақстан Республикасындағы рухани, ғылыми өмірді дамытудың басым бағыттарының біріне айналды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев бұл мәселені қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы үшін ерекше қажетті де, маңызды бағыттардың қатарына қойды. Оның ішінде Президент мәдени мұраның ғылыми мәнін ғана емес, ұрпаққа азаматтық және патриоттық тәрбие берудегі айрықша орнын атап көрсетті.

“Мәдени мұра” Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша басталған жұмыстар мәселенің өте қажеттілігі мен дер кезінде қойылғанын көрсетті. Жүргізілген талдау атқарылатын жұмыстың қыруар екендігін, кейбір салалары бойынша маңызды жұмыстың енді ғана қолға алына бастағанын растады. Сондықтан да Батыс Қазақстан тарих және археология орталығы қызметінің негізгі бағыты – мәдени мұра жәдігерлерін анықтау, зерттеу және сақтау болды.

Сөйтсе де үш жыл бойына жүргізілген белсенді жұмыс алға жаңа міндеттер қойды. Мәдени мұра жәдігерлерінің зерттелу деңгейі мен онда қалыптасқан жағдай белгілі, қолда бар рухани және материалдық мәдениет ескерткіштерін қайтадан зерделеу, яғни облыс бойынша барлық ескерткіштердің мейлінше дәл жиынтығын белгілеу, анықтау қажеттігін көрсетті. Көшпелі қоғамның шаруашылық-экономикалық даму ерекшелігі бізді сол кезеңдегі мәдени дамудың табиғи фонмен тығыз байланыста болғандығын түсінуге әкелді. Сол себептен де біз тарих, мәдениет ескерткіштерін зерттеумен бірге аймақтың табиғатын, табиғи мұрасын да барлық көрінісінде анықтау, зерделеу жұмыстарын қатар қолға алдық.

2002 жылдан бері Орталық облыстың табиғи және мәдени мұраларын анықтау, жинақтау бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Бұл жұмыстың нақты іске асырылуы осы “Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары” атты ұжымдық басылым болмақ. Басылымда

облыстың әр аудандары мен Орал қаласына жеке том арналған, ал жұмыстың қорытындысы ретінде жалпы облысқа арналған жинақ жарық көреді. Мәселеге осы бағытта келу, авторлар пікірінше, облыс аумағындағы материалдық мәдениет пен рухани мәдениет ескерткіштерін және сирек кездесетін ерекше табиғат нысандарын барынша мол қамтуға кепілдік болады.

Басылымды дайындауға тарих пен археология орталығының ғылыми қызметкерлері, Махамбет атындағы БҚМУ ғалымдары, сол сияқты Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих пен этнология институтының (Алматы) және РҒА Орал бөлімі Дала институтының (Орынбор) мамандары қатысты.

Әр том белгілі бір ауданға арналып, сол аудан аумағындағы неғұрлым ірі, құнды, халық игілігі болып табылатын табиғат нысандарын, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қамтиды.

Бұл том Батыс Қазақстан облысының **Қаратөбе** ауданына арналған. Ол өз бетінше әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде 1930 жылы құрылған.

Ауданның қазіргі құрылымының басы колониялық межелей бөлу мен ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы патшалық Ресей әкімшілігінің қазақ жерлерін отарлық бөлу, шектеу саясатын жүргізу мерзімімен сәйкес келеді. Қазақстанды әкімшілік-аумақтық жайластыру бойынша жүргізілген реформалар Ресей империясындағы жалпы қабылданған және даланы басқаруға ыңғайлы әдістерді енгізу мақсатын көздеді. Сол себепті 1867-68 жылдары Қазақстан аумағында 6 облыс құрылды. Қазіргі Қаратөбе ауданының жерлері Орал облысы Орал уезіне қарайтын бірнеше болыстар құрамына енді.

Ауданның бұдан кейінгі рәсімделуі Кеңес үкіметі кезінде өтті. Қаратөбе ауданының қалыптасуы мен орнығуы 20-жылдарда Орал губерниясы, Жымпиты уезі шеңберінде қалыптасты. 1920 жылы Бұлдырты, Байғұтты, Өлеңті, Жақсыбай, Қалдығайты болыстары құрыла бастады. Сонымен қатар Сабынкөл болысы құрылды, орталығы Қаратөбе ауылы болды. 1923 жылы бұл болысқа Соналы болысы қосылды. Болашақ ауданның орталығы осылай қалыптасты.

Қаратөбе ауданының дербес әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде қалыптасуы 1928 жылдың 17 қаңтарынан басталады. БОАК қаулысы шешімімен Орал округі құрылды, оның құрамына 15 аудан кірді. Қазақстан картасында алғашқы рет Қаратөбе ауданы пайда болды. Ол бұрынғы **Жақсыбай, Қалдығайты, Сабынкөл** болыстары жерлерінен және Жымпиты уезі **Байғұтты, Бұлдырты, Өлеңті** болыстарының жер бөліктерінен тұрды. Аудан орталығы соңынан Қаратөбе деп аталған Қаратөбе ауылы болды. Қаратөбе ауданы кішкене ғана өзгерістері болмаса, бүгінгі күнге дейін өз шекарасын сақтап қалды.

1999 жылғы өткізілген Қазақстан халқының санағы бойынша Қаратөбе ауданында 21115 адам тұрып жатыр. Аудан халқы негізінен байырғы тұрғындар - қазақтар болып табылады, саны – 20967 адам, немесе 99,57 % -ды құрайды.

* * *

Изучение и сохранение наследия стали одними из приоритетных направлений в развитии духовной и научной жизни в Республике Казахстан. Президент государства Н.А.Назарбаев поставил эту проблему в разряд наиболее важных и актуальных задач для полнокровного социально-экономического и культурного развития казахстанского общества. При этом, президент подчеркнул не только научную значимость, но и особую роль культурного наследия в воспитании гражданственности и патриотизма.

Работа по реализации Государственной программы “Культурное наследие” показала своевременность и жизненную необходимость такой постановки вопроса. Анализ состояния дел подтвердил наличие огромного объема работы, многие разделы которой практически только начинают исследоваться. Поэтому выявление, изучение и сохранение культурного наследия стало основным направлением деятельности Западно-Казахстанского областного центра истории и археологии.

Однако напряженная работа на протяжении трех лет показала, что состояние степени изученности культурного наследия действительно требует первоначального обобще-

ния имеющихся памятников материальной и духовной культуры. То есть, выявления и определения наиболее точного свода всех памятников по области. Специфика хозяйственно-экономического развития кочевого общества привела нас к пониманию неразрывности уровня культурного развития от природного фона. Поэтому, одновременно с изучением памятников истории и культуры, мы начали работу по уточнению природного наследия во всех его проявлениях.

С 2002 года центром проводится работа по выявлению и изучению природного и культурного наследия области. Эта работа получает свое реальное воплощение в данном коллективном издании "Памятники природного и историко-культурного наследия Западно-Казахстанской области", в котором каждому району и областному центру Уральску будет отведен отдельный том. В завершении издания будет выпущена обобщающая работа в целом по области. Такой подход по замыслу авторов гарантирует наиболее полный охват памятников материальной и духовной культуры и уникальных природных объектов.

В подготовке издания принимают участие научные сотрудники центра истории и археологии, ученые Западно-Казахстанского государственного университета им. М. Утемисова, а также специалисты Института археологии им. А.Х. Маргулана, Института истории и этнологии им. Ч.Валиханова (Алматы) и Института степи УрО РАН (Оренбург).

Каждый том охватывает наиболее крупные памятники истории и культуры и природные объекты определенного района, представляющие ценность и являющиеся достоянием народа.

Данный том посвящен Каратобинскому району Западно-Казахстанской области, который был образован как самостоятельная административно-территориальная единица в 1930 году.

Начало современного оформления района относится к периоду колониального размежевания и разграничения казахских земель колониальной администрацией России во второй половине XIX века. Реформы по административно-территориальному обустройству Казахстана преследовали


цель введения методов общепринятых для Российской империи и удобных для управления степью. Поэтому в 1867-68 годах на территории Казахстана было образовано 6 областей. Земли современного Каратобинского района входили в состав ряда волостей Уральского уезда Уральской области.

Организационное оформление района происходило в условиях Советской власти. Формирование и укрепление Каратобинского района проходило в 20-е годы в рамках Джамбейтинского уезда Уральской губернии. В 1920 году были образованы волости Булдуртинская, Байгутдинская, Улентинская, Джаксыбаевская, Калдыгайтинская. Тогда же была образована Сабынкульская волость с центром в поселке Кара-Тюбе. В 1923 году к этой волости была присоединена Суналинская волость. Так сложился центр будущего района.

История Каратобинского района как самостоятельной административно – территориальной единицы берет свое начало с 17 января 1928 года. Решением ВЦИК был образован Уральский округ, в состав которого вошли 15 районов. Так впервые на карте Казахстана появился Кара-Тюбинский район. Он был образован из земель бывших *Джаксыбаевской, Калдыгайтинской, Сабынкульской* волостей и части земель *Байгутдинской, Булдуртинской и Улентинской* волостей Джамбейтинского уезда. Центром района стал поселок Кара-Тюбе, впоследствии обозначаемый как Каратобе. С незначительными изменениями Каратобинский район сохранил свои границы до нашего времени.

По данным переписи населения Казахстана 1999 года в Каратобинском районе проживает 21115 человек. Основным исторически сложившимся населением района являются казахи, численность которых составила 20967 человек, или 99,57%.

М.Н.Сдықов
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Батыс Қазақстан облыстық тарих және
археология орталығының директоры



ТАБИҒАТ МҰРАСЫ



БІРІНШІ БӨЛІМ

ТАБИҒАТ МҰРАСЫ

1.1. Табиғаты


Қаратөбе ауданының көлемі 10,0 мың шаршы шақырым жерді алып жатыр (1 млн. гектар). Ол облыстың оңтүстік-шығысында орналасқан, шығысында ҚР-ң Ақтөбе облысымен, оңтүстік-шығысында Атырау облысымен, ал оңтүстігінде Батыс Қазақстан облысының Ақжайық, батысында Сырым, солтүстігінде Шыңғырлау аудандарымен шектеседі. Облыстағы шалғай және аз қоныстанған шөлейтті аудандардың бірі.

Тектоникалық және геологиялық құрылысы. Қаратөбе ауданы бүкіл Батыс Қазақстан облысы сияқты терең Каспий маңы тектоникалық ойысының солтүстік бөлігін алып жатыр. Бұл ойпат өте көне заманда терең құрылымдар бойымен бөліктенген, ежелгі Орыс платформасының бөлігі болып табылады. Бұл блоктың ерте палеозойдан бастап, терең сулы теңіз түбінде шөгінділердің жиналуы жағдайында баяу батқаны туралы пікір болғанымен, геофизикалық жаңа мәліметтер, басқа түсінікті қалыптастырды. Басқа зерттеушілердің пікірлеріне сәйкес, тектоникалық ойпаттың негізгі алаптан бөлінуі және шөгінді массасының шөгу күші әсерінен, оның мантия затына бастапқы палеозой дәуірінің соңында болды. Ойыс тек пермь дәуірінің басынан бастап бүгінге дейін, төменге түсу қарқынының елеулі нәтижесінде өзімен-өзі дами бастады.

Бұл процесс жалпы алғанда геологиялық уақыттық кезеңі келесі оқиғаларды анықтауда себепші болды.

Жоғарыда жазылған процестерге қазіргі тектоникалық ойыстың орнындағы терең опырулар жүйесі бастама болды. Ол палеозойға дейінгі (кембрийге дейінгі) кезеңде, Жер мантиясына дейін жетті. Сол кезде белсенді жанартаулық және сейсмикалық (зілзала) іс-әрекеттер орын алды. Терең опырылулар орнында жер қыртысы жарылып жарықтар

ҚАРATӨBE АУДАНЫНЫҢ КАРТАСЫ



пайда болып, ол төменнен ауыр мантия заттарының, ал жоғарыдан тым жеңіл қалдық шөгінді материалдардың бір уақытта түсуінің нәтижесінде континенттік типтегі жер қыртысы пайда бола бастады. Бұл тау жыныстары дорифейлік (жасы 1,6 млрд. жылдан жоғары) қыртысты құрлымдардан қалыптасты. Оны ежелгі Еуропа континенті тарихында бүкіл фанерозой бойы шөгінді жыныстар жиналуға негіз болғандықтан “кристалды фундамент” деп атаған. Қаратөбе ауданының қиыр шығысындағы кішкене бөлік (Орал маңы үстірті шегінде) негізі, жас болуы мүмкін. Ол үстірттің шығыс бөлігінің негізі ретінде протерозойдың аяғы мен фанерозойдағы кембрий кезеңінің басында (0,5 млрд. жылдан жоғары) байқала бастаған байкал қатпарлану уақытында, яғни қатпарлы фундамент деп аталатын кезеңде қалыптасуы мүмкін.

Палеозой дәуірі бойы, ол кезде дербес блок болмай тұрып, қазіргі Каспий маңы тектоникалық ойысы, сол уақыттың дербес Еуропа континентінің бірыңғай құрамындағы геологиялық масштабта, күрделі тарихты бастан кешті. Бұл ежелгі платформа, кембрий кезеңінде (520 млн. жыл бұрын), континенттер қазіргі кездегі жағдайымен салыстырғанда бөлек, сағат тіліне қарсы 90° -қа бұрғандай жағдайда болатын, ал экватор болашақ Орал таулары бойымен өтіп жатты. Матеріктің өзі тұтасымен оңтүстік жарты шарда орналасқан. Кейін Еуропалық және Солтүстік-Американдық континенттер бір-біріне қарама-қарсы, солтүстікке қарай жылжыды. Гондвана мен олардың арасында полео-Тетис мұхиты біртіндеп пайда бола бастады. Сол уақытта олардан солтүстікке қарай, сол кездегі ендік бағыттағы Азия мұхитының ішіне еніп жатқан мөлшері жағынан, кішкентай Қазақстан континенті орналасты. Девон кезеңінің (400 млн. жыл бұрын) басына қарай, Еуропа мен Солтүстік Америка бірыңғай Еуроамерика континентіне бірікті. Екі континенттің түйіскен сызығы каледон тігісіне (қатпарлы белдікке) сәйкес келеді. Оның бір бөлігі қазіргі уақытта, Солтүстік Атлантика ашылғаннан кейін, Скандинавия мен Британ аралдарында, ал қалған бөлігі – Гренландия аралында және Лабрадор түбегінде қалған. Сол кезде Сібір,

Еуроамерика және Қазақстан арасында Орал-жаңа мұхиты пайда болды, ал оңтүстікте Гондвана оңтүстік поляр облысына жылжыған кезде палео-Тетис ашыла бастады.

Каспий маңы тектоникалық ойпаты орталық бөлігінің төмен түсу бастамасы “қалыптаспаған мұхит” - палеорифттің дамуы осының алдында, тоқтауымен байланысты болуы мүмкін. Оның ось бөлігі геофизикалық мәлімет бойынша шамамен Қаратөбе – Тайпақ – Жалпақтал бағыттары бойынша және Ресейдің Александр-Гай елді мекендері арқылы өтеді. Бұл платформалық жарық іргетасына белгі қалдырған дивергентті шекарасының дамуы континентті рифт сатысында аяқталды және нағыз кең көлемді мұхит одан пайда болған жоқ. Орыс платформасы қазіргі мұхиттар орнының анықталуы басталып жатқанда, соңғы палеозойлық Пангея суперконтинентінің құрамына кірген болатын, оның бөлшектенуі палеозой және мезозой эраларының шекарасында (шамамен 250 млн. жыл бұрын) басталды. Осы кезеңде барлық палеозой континенттері палеозойлық ығысуларын аяқтап, Пангей континентіне бірікті.

“Қалыптаспаған мұхиттың” тығыз және ауыр жоғарғы полеозой литосферасы қоршаған телімдерінің сатылап, біртіндеп блоктың батуын тудырды. Нәтижесінде Каспий маңы тектоникалық ойыстың кең көлемді және әрдайым төмен түсетін терең шөгінді алабына айналды. Оны ойпаттың шетінен ортасына қарай, жас шамасы бірдей жыныстардың қалыңдығының артуы байқалатын шөгінді материалдарының жиналу сипаты дәлелдейді.

Пангеяның қалыптасуы төмендегідей сипатта өтті. Полеозой дәуірінің аяғында, мезозой дәуірінің басында Гондвана сағат тілі бағытында бұрыла отырып, солтүстікке жылжыды. Ол палео-Тетистің батыс бөлігін қайта жауып, Еурамерикамен бірікті, ал солтүстік шығыста Еуроамерика, Қазақстан және Сібір континенттерімен қосылды. Нәтижесінде Орал мұхитының жабылған орнында Орал мен Батыс Сібірдің герциндік қатпарлану белдеуі қалыптасты. Соңынан, мезозойдың триас кезеңінде (220 млн. жыл бұрын), Сібірдің оңтүстік шетіне Қытай континенті қосылды, ол палео-Тетис мұхиты тарихын аяқтап құрлыққа айналды.

Пангей суперконтиненті триас кезеңінде полюстен полюске қарай ығыса отырып екі тармаққа бөлінді: бірі – Оңтүстік жарты шарда бүкіл палеозой бойы біртұтас ығысқан Гондванадан тұрса, ал екіншісі – Солтүстік жарты шарда тек палеозой соңында, бұрын бөлектенген “солтүстік” континенттерден қалыптасқан Лавразиядан тұрды.

Мезозой мен кайнозойда Жердің қазіргі мұхиттарының орындары ашылды. Бәрінен бұрын Атлант мұхиты пайда бола бастады. Жеке мұхиттық спредингтік типтің қалыптасуы бәрінен бұрын Орталық Атлантикада (юра кезеңінің ортасында, 160 млн.-ға жуық жыл бұрын), біраздан кейін – Оңтүстік Атлантикада (бор кезеңінің басында, 140 млн.-ға жуық жыл бұрын), одан кейін – Солтүстік Атлантика мен Солтүстік мұзды мұхитта (бор кезеңінің соңында, кайнозой дәуірінің басында, 80-60 млн. жыл бұрын) басталды. Атлант мұхитты орнының қалыптасуы нәтижесінде Лавразия материгі ыдырады: Еуразия Солтүстік Америкадан бөлініп, біртіндеп қазіргі жағдайға көше бастады. Каспий маңы тектоникалық ойысы экватор мен бастапқы меридианға қарағанда кайнозой дәуірінің палеоген кезеңінде қазіргі орында болды.

Ойпат өзінің даму тарихында бірнеше геологиялық теңіз режимін басынан кешірді, ол бір геологиялық кезең теңізі, ізінше басқа кезең теңізіне айналып отырды. Бұл біздің өлкенің, соның ішінде Қаратөбе ауданы территориясы геологиялық жағынан жас екендігімен тусіндіріледі.

Қаратөбе ауданы территориясы бетінің геологиялық жасы жағынан ең ежелгісі – Орал маңы үстірті беті болып табылады. Бұл литосфералық плиталардың көлденен ауысуынан емес, тігінен қозғалуынан пайда болған. Палеоген кезеңінің ортасында, жер қыртысының біркелкі тең бағытта емес, тігінен қозғалуы нәтижесінде, теңіз суларынан Жалпы Сырт пен Орал маңы үстірті көтерілген. Жалпы Сырт плиоценада (кайнозой эрасының неоген кезеңі) ежелгі Каспийдің кең Ақшағыл бассейні суының астында тағы қалды, ал Орал маңы үстірті бұл кезде көтерілгендіктен, теңіз су басқан жоқ.

Жалпы көтерілу аясында тұз күмбездерінің өсуіне байланысты, жаңадан көтерулер мен төмен түсулер байқалды. Осылайша, палеоген кезеңі ортасынан кейін, Орал маңы үстіртінің шегінде, яғни Қаратөбе ауданы аумағын теңіз сулары баспағандықтан, жер бетінің осы бөлігі ең көне болып саналады.

Жоғарғы плиоценді апшерон трансгрессиясын бұрынғыларға қарағанда, көлемі кішігірім аумағын қамти отырып, плиоцен кезеңін аяқтайды. Облыс территориясында Каспий теңізі – көлі суының мейлінше кіші-гірім аймақты бірнеше рет басуы мен кері шегінуіне байланысты плейстоцен геологиялық кезеңі басталады.

Плейстоценде аудан аумағының Орал маңы үстіртінің оңтүстік бөлігі Баку, Хазар, Хвалын бассейндері суларымен толған. Қазіргі уақыттағы абсолюттік биіктік белгілердің 45 (50) – 80 (100) м. шамасында тұрған Сырт алды кемерінің тар жолағы Жоғарғы баку мен Төменгі хазар суларының шөгінділерінен тұрады.

Жоғарғы плейстоценде Еуразияның солтүстік бөлігінің қалың мұзбасуымен (вюрм мұзбасуы, 110 мың жыл бұрын басталып, 10 мың жыл бұрын) аяқталған. Ойыстың қазіргі 45 (50) м абсолюттік биіктік белгісіне дейін Төменгі хвалын (Раннехвалын) бассейні сулары (50-40 мың жыл бұрын), әкелген шөгінділердің нәтижесінде құмдар мен саздар алып жатты. Қазіргі уақытта олар неғұрлым төменгі жерлерде көл, сор және жайылма шөгінділеріне бөлініп кетеді.

Төменгі хвалын теңізінің максималды жайылымдар фазасынан кейін бұл бассейн сатылап тартыла бастады.

Плейстоцен соңында Төменгі хвалын сулары кері қайтқаннан кейін, төрттік мұз басу кезеңінің қайтадан суытуына байланысты, қазіргі 0 метр горизонтальды биіктікке дейінгі аумақты қайтадан Жоғарғы Хвалын (Соңғы Хвалын) теңізінің (18-16 мың жыл бұрын) сулары басты, бірақ ол Қаратөбе ауданы аумағына жеткен жоқ. Голоценнің басына қарай (12-10 мың жыл бұрын) ол кейін шегінді.

Голоцендегі кіші мұз басу (1450-1850 жылдар) әсерінен болған Каспий суының соңғы көтерілуі, қазіргі – 20 м абсолюттік биіктікке дейінгі аумақты қамтыды. Тарихи

кезеңде ірі көлдің деңгейі осы белгіден жоғары бірде-бір рет көтерілген жоқ. Соңғы Жаңа Каспий трансгрессиясының шөгінділері біздің облыстың аумағынан тыс аймақта жатыр.

Сонымен, аудан территориясының геологиялық жағынан алғанда ең жас беткі беті болып, бұдан 40 мың жыл бұрын, төменгі Хвалын бассейні теңіз суынан босаған Бөкей синеклизасы шетіндегі Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігі болып саналады. Осы кезде, 1758 ж. Еуропада тарихи аренада саналы адам – *Homo sapiens* L пайда болды, (Африкада ежелгі олжа - 130 000 жыл бұрын, ал жақында Эфиопияда 1967 жылы табылған адамның ең ежелгі сүйегі (түп тармағы: саналы ежелгі адам) *Homo sapiens idaltu*) жасы – 195 мың жыл, олар, бұрынғы есептеуге қарағанда 65 мың жылға үлкен; Батыс Азияда – (90 000 жыл бұрын), шамамен 28 мың жыл бұрын неандертальдықтарды (жерде жарты миллион жыл бойы өмір сүрген тұрғындарды) біржолата ығыстырған болатын. Саналы адамның мұнда пайда болуы – соңғы палеолит бастамасының белгісі болды. Оның шегінде алғашқы 12 мың жыл шегінде ол, неандертальдар мәдениетімен – яғни, орташа палеолитикалық немесе мустьер деп аталатын мәдениетті алға тартушыларымен қатар өмір сүрді.

Күрделі тарихи геологиялық дамудың нәтижесінде кейбір бөліктер бетінің көтерілуі және түсуі ұзақ процесстердің жүруі себепті (үлкен тереңдіктерде тұздардың қайта ауысуы салдарынан) аудан территориясының беті ежелгі теңіз және жас континентальды шөгінді жыныстардан құралды, олардың жасы мезозой дәуірінің триас кезеңінен бастап, қазіргі уақытқа дейінгі мерзімді қамтиды. Ауданның солтүстік және шығыс жағында мейлінше көне жыныстардан құралған учасоктер ұсақ көлемдегі контурлы аймақтармен ерекшеленеді. Ауданның шығысындағы юра кезеңіндегі шөгінділердің жердің беткі бетіне шығуы облыстағы ең ірі аумақ болып табылады. Бұл аумақ жазатын бор (солтүстігі мен шығысында), саздауытты және құмдауытты шөгінділерден құралған. Орал сырты көлбеу жазығы бетін Төменгі хвалын бассейнінің кейін қайтуынан соң пайда

болған ежелгі су ағындары әкелген аллювальды құмды шөгінділер алып жатыр. Сондықтан бұл ауданға жазатайым бор кен орындары тән.

Ауданның жер қойнауынан – Шыңғыс, Бекет, Құбасай мұнай мен газ кен орындары табылып отыр.

Жер бедері. Қаратөбе ауданының жер бедері, біздің облысымыз сияқты, Шығыс Еуропа жазығының оңтүстік шығысында орналасқан. Жер бедері әр түрлі, себебі ол Орал маңы үстірті мен Орал сырты көлбеу жазығы бетін және Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігін (раннехвалын) алып жатыр. Аудан жер беті тұтастай алғанда солтүстік-шығыстан бастап, оңтүстік-батысқа қарай біртіндеп төмендеуі байқалады.

Ауданның Орал маңы үстірті шегіндегі (горизонталды биіктігі 100 м) солтүстік және солтүстік-шығысы Есенамантау борлы алаптарының және басқа да жазықты-төбелі алаптардың денудациялы-делювиалды жер бедері жыралы-сайлармен, өзеннің эрозиялы пішіндерімен тілімденген. Төбелердің салыстырмалы биіктігі 30 метрге дейін жетеді, ал Жақсыбай өзені бассейніндегі төбелер біршама төмен – 25 метрдей, бұл жерде ағынды сай-салалы желісі жақсы дамыған. Беткейлердің барлық жері әдетте таяз, көбінесе, тасқын судан босаған, шымтезектері, кішігірім ойыстармен күрделенген. Ауданның солтүстік-шығысында Ақтөбе облысы шекарасына жақын жерде, ауданның ең биік нүктесі – Қалпақтытау тауы орналасқан (оның биіктігі теңіз деңгейінен 244 м.).

Орал маңы үстіртінен оңтүстікке қарай, Сырт Сырты кемерінде (көлденең аралығы 100 -50 м) шамалы толқынды жер бедері бар Орал сырты еңісті жазығының бөлігі орналасқан. Еңісті жазықтың солтүстік-батысында, Бұлдырты өзені бөлігінде жер бедері төбелі болып келеді. Ағын сулар мен кішкене жыралармен бөлектенген төбелердің салыстырмалы биіктігі 30 метрге жетеді. Шилі өзенінің ағыны бөлігінде шамалы толқынды жазық орналасқан, азғантай тұйықталған ойпауыттар тараған. Едәуір жері төбешікті құмдармен көмкерілген.

Ауданның Орал сырты көлбеу жазығына кең құмды алаптар тән. Қалдығайты өзенінің орта ағысынан шығысқа қарай, Жақсыбай өзенінен солтүстік қарай (тіпті, Ақтайсай ауылына дейін) баяу ауысқан құмды алап Қарағандықұм орналасқан. Қуағаш өзені су жинау алабының жер бедері жыра-сай желілері жақсы дамыған төбелерден тұрады. Қаратөбе ауылынан солтүстік-батысқа қарай Қалдығайты өзенінің оң жағасында кең көлемді құмды алап Көкөзекқұмның шығыс бөлігі жатыр.

Аудан аумағының көлемінің жартысына дерлік, яғни оңтүстік бөлігі Каспий маңы ойпатында жазықтық түрінде жатыр, кей жерлерде шамалы толқынды жазықтар кездеседі. Ол солтүстік-шығыстан (50 метр абсолюттік биіктіктен) ауданның әкімшілік шекарасына дейін (бірінші тегістелген төменгі хвалын беті 8 метрге дейін, ал ойпауыттарда 6 метрге дейінгі биіктікке төмендейді) еңісті болып келеді. Қалдығайты өзенінен, оның төменгі ағысынан шығысқа қарай ірі құмды алап Есерқамыс орналасқан (Соналы ауылынан батысқа қарай). Басқа аумақтарында біртіндеп көптеген табақтәрізді ойпауыттар, көлтабандар, көлді-сорлы және көлді ойпауыттар кездеседі.

Ауданның барлық құмды алаптары ұсақ, орташа және ірі төбешікті бекінген, жартылай бекінген құмдармен және көптеген жел үрлеген қазан шұңқырлары бар көшпелі құмдарымен сипатталады. Биіктігі 3 – 5 метр болатын төбешікті құмдар басым.

Аудан территориясында Орал маңы үстірті, Орал сырты көлбеу жазығының және Каспий маңы ойпатының беті оң және теріс пішіндегі жер бедерімен күрделенген, ол ежелгі тереңдік шөгінді қабаттарында тұздардың аса ірі массаларының қайта бөлнуі нәтижесінің әсерінен болады. Оңтүстік қиырындағы осындай тұзды күмбездердің бірі Шыңғырлау ауданы шекарасына жақын, Баянас өзенінен солтүстігінде жатыр. Мұнда басты рольді жаңа тектоникалық қозғалыстардың әсерінен жер бедеріндегі айқын байқалатын галокинездік құрлымды көрші аудан территориясындағы тұзды күмбездердің көтерілуі салдарынан болған салыстырмалы түрдегі ірі еңісті Сарқырама эолды жазықтығы алады. Осы еңісті жазықтың

ерекшеліктерінің бірі, мұнда олардың бұрын болған өзендерден атырау тәрізді тосқындармен күрделенуі. Соңынан бұл алаптар ұзақ уақыт бойы эолмен (желмен) қайта өңделуіне душар болған. Сөз етіліп отырған алқаптардың оңтүстік экспозиция беткейлерінде орналасқан аллювиалды-атырау шөгінділерінің тағы бір ерекшелігі, салыстырмалы қысқа қашықтықтағы олардың төменгі және жоғарғы бөктеріндегі абсолюттік белгілерінің үлкен ауытқу амплитудасымен сипатталады. Аққұм құм алабы 100 және 140 метр аралығындағы биіктіктерде орналасқан.

Климаты. Аудан аумағындағы көп жылдық ауа райы режимі өткен геологиялық кезеңдердің жалпы жаһанды климат жағдайларына сәйкес қалыптасты және оның кейбір бөліктері тұрақты континенттік режимге ауыса отырып өзгеруі жүрді.

Ежелгі Еуропа континенті құрамына бұл аумақ бүкіл палеозойда, оңтүстік жартышардың экватор маңы бөлігінде орналасты. Содан кейін мезозой бойы солтүстікке қарай ығыса Еуроамерика, Пангея және Лавразия құрамында біртіндеп бастады. Ал кайназой дәуірінің басына қарай, Еуразия құрамында палеоген кезеңінің плиоцен дәуіріне дейін ол теңіз суларының астында үздіксіз қалып отырды. Сондықтан Орал маңы үстірті құрамындағы ауданның солтүстік бөлігі Ақшағыл алабы теңіз суларынан біржолата босамай, ауа райы туралы айтудың қажеті жоқ. Өйткені, ол қазіргі Каспий маңы тектоникалық ойпаты аумағының географиялық жағдайына, геологиялық уақыттың әр түрлі бөліктеріне байланысты болып келді.

Каспий теңізі – көлінің деңгейінің ірі және бірнеше мәрте қысқа геологиялық кезеңдердегі ауытқуларының басты себебі, яғни плиоцен – плейстоцен, сонымен қатар голоцендегі кіші мұз басу кезеңдеріндегі климаттың өзгеруімен түсіндірледі. Каспийдің әрбір ірі трансгрессиясының басталуы, әдетте, ауа райының елеулі салқындау фазаларымен сәйкес келді. Ал аумағының судан арылуы ауа райының күшті құрғақтануымен қатар жүрді.

Бөлек алынған мұздықтар мен мұзаралық дәуірлерде,

олардың климатына салқындық пен жылылықтың ауысулары тән. Соңғы елеулі вюрм мұздықтануы кезінде олар бірнеше мәрте бір-бірімен ауысып отырды.

Температуралық көтерілу, мұздықтардың еруі және мұздық жабындысының бұзылуы 14 мың жыл бұрын басталды. Климаттың мұндай жылынуы жаһанды сипат алып отыр. Ол вюрм мұздың жамылғысының тозуымен қоса жүрді, бірақ бұл процесс бірқалыпты болған жоқ. Оның тұсында температурасының ауытқулары болып, мұздықтардың жиі басуы, Дүниежүзілік мұхит деңгейі, таудағы қар шегі биіктігі мен аңғарлы мұздықтардың көлемі өзгеріп отырды. Скандинавия мұздық жабындысы 9 мың жыл бұрын голоценнің басында жойылып кеткен.

Голоцен әдетте бес климаттық кезеңдерге бөлінеді:

1) арктикалық және субарктикалық – мұзбасудың соңы және мұзбасудан кейінгі кезеңнің басы. Бұл кезеңде (ж.с. дейінгі 9-8 мың жыл) басталған жылылыққа байланысты мұздың жабындылар жойылуымен қатар, Еуропада тундра зонасының көлемі де елеулі қысқарды. Бұл жерде қайыңды-қарағай және тайга ормандары қайтадан өріс ала бастады.

2) бореалды – салқын және құрғақ. Ол кезде тайга ормандары тундраны солтүстікке ығыстыра бастады. Одан кейін жалпақ жапырақты ормандар Еуропаның оңтүстігін және Орта Еуропаны алып жатты.

3) атлантикалық – жылы және ылғалды. Осыдан 6 мың жыл бұрын, осы кезеңге ұқсас климаттық оптимум деп аталатын кезең басталды. Атлантикалық кезде климат қазігі кезге қарағанда жылырақ болды. Голоценді оптимум кезінде климат жер шарының барлық жерінде жылы және ылғалды климат басым болды.

4) суббореалды – жылы және құрғақ (ксеротермиялық) кезең. Ол 2 мың жылға жуық (2500 ж. бастап ж.с.д. 500 ж. дейін) және салқындығымен ерекшеленді. Сондықтан бұл кезеңде барлық ландшафт аймақтарының экваторға жылжуы, тау мұздақтарының басталуы, жоғары ендіктерде мұзданудың күшеюі, ал құрғақ облыстарда – қуаңшылықтың орын алуы байқалады.

5) субатлантикалық – суық және ылғалды кезең. Бұл ж.с.д.

500 жылға жуық басталған суық және ылғал кезең қазіргі уақытқа дейін жалғасып отыр. Бұл кезеңде климат нашарлап, суық бола бастады, жауын-шашын көбейді. Шымтезекті батпақтар дами бастады, тундраның ормандарға, ормандардың далаларға қарай жылжуы байқалды. Климат үлкен мұхиттармен ерекшеленетін қазіргі климатқа біртіндеп көше бастады.

Тарихи кезеңдегі климат жағдайларының өзгеруі туралы халықтың көшуі мен қараусыз қалған елді мекендер, су тасқыны, аштық жайлы мәліметтер негізінде пайымдауға болады.

Біздің эрамыздың алғашқы жүз жылдығындағы ылғалдылық пен температура қазіргі кезге жақын болған. Бірақ шамамен IV-V ғасырларда жағдайлар өзгеріп, Еуропада VIII ғ. -ға дейін климат құрғақ және жылы болған. Осы уақытта шымтезектер азайған және көлдер деңгейі төмендеген. Ортағасырдың алғашқы кезеңінде (VIII ғ. бастап XIV ғ. дейін) жайлы және жылы климат болған, солтүстік теңіздер мұздығының тез азайды.

XIII-XIV ғ.ғ-да климаттың жаңадан салқындай бастады, солтүстік теңіздер мұздануы күшейе түсті, климаттың маусымішілік күшті өзгере бастады. Кіші мұзды кезең деп аталатын кезеңге көшу айқындалды.

Кіші мұзды кезеңге тән белгі – тау мұздықтары аумағының өсуі. XVI ғ. соңында және XVII ғ. -да альпі мұздығының дамуы жоғары шегіне жетті. Шамамен 1700 жылы альпі мұздығы біраз кейінге шегінді, бірақ бұл уақытта Исландия мен Норвегияда мұздықтар дами бастады. Ал Швецияда үлкен көлемдегі мұз басу максимумы 1710 жылға сәйкес келеді. Содан кейін мұздықтардың елеулі қозғалыстары шамамен 1720 жылдары болып өтті. 1760-1790 ж.ж. бойы альпі мұздықтары ұлғая түсті. Олардың жайылуының таралу шегі 1820 жылы жоғары шегіне жетіп, ол 1600 жылғы жоғары шегіне ұқсас болды. Тау мұздықтануының жаһанды жаңа жоғары шегі Альпіде, Исландияда, Норвегияда, Солтүстік Америкада, Британ Колумбиясында және Оңтүстік Американың Патагон Андаларында 1850 жылы орын алды. 1850-1860 ж.ж. басталған тау мұздықтарының соңғы